

2022 жылға арналған Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу бойынша қорытындылардың № 6 хаттамасы

Атырау қ.

13 қыркүйек 2022 ж.

ШЖҚ КМК "Дамба дәрігерлік амбулаториясы" 2022 жылғы 13 қыркүйек сағат 11.00-де Атырау қаласы, Құрманғазы ауылы, Б. Нысанбаев көшесі, 16 мекен-жайы бойынша баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алуға қатысуға өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсімін жүргізді.

Комиссия Құрамы:

Комиссия төрағасы-директордың м. а. Г.Б. Шарипова

Комиссия мүшелері:

Күндізгі стационар дәрігері- Ж.Б.Қойшыбай

Аға медбике-Б. А. Халидуллина

Комиссия хатшысы-Мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман Ш. Б. Айсиева

1. Сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың қысқаша сипаттамасы және бағасы, олардың фармацевтикалық қызметтердің саудалық атауы:

№	Қысқаша сипаттамасы	Сатып алынатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың бағасы	Фармацевтикалық қызметтердің саудалық атауы
1	Мақта 50гр	75000	
2	Фолея катетірі№18	27750	
3	Фолея катетірі№22	27750	
4	ЭКГ үшін қағаз	195000	
	Барлығы	325500	

2. Баға ұсынысын беру күні мен уақыты: 12.09.2022 ж. дейін 18 сағат 00 минут.

2.1 баға ұсынысын белгіленген мерзімде ұсынған әлеуетті өнім берушілер:

№	Әлеуетті өнім беруші	Әлеуетті өнім берушінің мекенжайы	Баға ұсынысын беру күні мен уақыты
1	«Медфармимпорт» ЖШС	ҚР, Атырау қ., ш. а. Курсай, 3 өткел, 2 үй	12.09.2022 ж. 15 сағат 05 минут

3. Сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты жасасу болжанатын әлеуетті өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы:

№	Әлеуетті өнім берушінің атауы және орналасқан жері	Дәрілік заттардың атауы	Бағасы	Жалпы соммасы
1	ҚР, Атырау қ., ш. а. Курсай, 3 өткел, 2 үй	Мақта 50гр	200	75000
2		Фолея катетірі№18	555	20000
3		Фолея катетірі№22	555	20000
4		ЭКГ үшін қағаз	480	144000

4. Баға ұсыныстары бар конверттерді ашу рәсіміне қатысқан әлеуетті өнім берушілердің атауы: жоқ

5. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен дәрілік заттарды сатып алу бойынша сатып алуды өткізу жөніндегі Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021.06.04 № 375 қаулысының 100-тармағына сәйкес **ШЕШТІ:**

№1,2,3,4 Лот бойынша: бір баға ұсынысын берген "Медфармимпорт" ЖШС жеңімпаз деп танылсын, жалпы сомасы – 259000 (екі жүз елу тоғыз мың) тенге;

Қағидалардың 98-тармағының негізінде, атап айтқанда әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі Тапсырыс берушінің сұрау салуы мен сатып алудың үлгілік шартының талаптарын сақтай отырып, дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды беруді жүзеге асыруға оның келісімін білдіру нысаны болып табылады. Техникалық ерекшелік сұрау салудың және үлгі шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, ол шарт жасалғанға дейін өзгертуге жатпайды. Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіне сәйкес келмейтін өзге де техникалық ерекшелікке әлеуетті өнім беруші сұрау салуға жауап берген кезде өткізілетін сатып алу шарттары бұзылады.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021.06.04 № 375 қаулысының 102-тармағына сәйкес жеңімпаз жеңімпаз деп танылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Тапсырыс берушіге біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын мынадай құжаттарды ұсынады :

1) Фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған (жіберілген) медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, олар туралы мәліметтер мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын электрондық құжат түріндегі көшірмелері қоса беріледі. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырылған көшірмесін ұсынады.;

2) заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға үшін);

4) заңды тұлға жарғысының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, онда акцияларды ұстаушылар тізілімінен үзінді көшірме немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді көшірме немесе сатып алу жарияланған күннен кейін құрылтай шартының көшірмесі ұсынылады);;

5) есебі Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін, "электрондық үкімет" веб-порталы немесе "салық төлеушінің кабинеті" веб-қосымшасы арқылы алынған берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

6) осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтындығы туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасының түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмесе).



Комиссия төрағасы-директордың м. а.

Комиссия мүшелері:

Күндізгі стационар дәрігері-

Аға медбике-

Комиссия хатшысы-Мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман

Handwritten signatures in blue ink.

Г.Б.Шарипова

Ж.Б.Қойшыбай

Б. А. Халидуллина

Ш. Б. Айсиева